

Облыс әкімдігінің "Карантин режимін енгізе отырып карантиндік аймақты анықтау туралы" 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 424 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 5 наурыздағы № 82 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 4253 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 сәуірдегі № 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 23.04.2018 № 192 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақтөбе облыстық аумақтық инспекциясының 2015 жылғы 12 қаңтардағы № 06-13/120 ұсынысы негізінде Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 424 "Карантин режимін енгізе отырып карантиндік аймақты анықтау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3385 тіркелген , 2012 жылғы 28 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулының 1-қосымшасына:

"Мәртөк ауданы" тарауындағы:

"Қызылжар ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 4-1 жолымен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"

| | | |
|-----|----------------------|---|
| 4-1 | "Аян" шаруа қожалығы | 1 |
|-----|----------------------|---|

";

"Қызылжар ауылдық округі" деген жолдағы "156" деген сандар "157" деген сандармен ауыстырылсын;

"Байторасай ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 15-1

жолымен толықтырылсын:

"

| | | |
|------|----------------------------|---|
| 15-1 | "Анастасия" шаруа қожалығы | 2 |
|------|----------------------------|---|

";

"Байторасай ауылдық округі" деген жолдағы "223" деген сандар "225" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қарашай ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 26-1 жолымен толықтырылсын:

"

| | | |
|------|-------------------------|---|
| 26-1 | "Ләззат" шаруа қожалығы | 2 |
|------|-------------------------|---|

";

"Қарашай ауылдық округі" деген жолдағы "226" деген сандар "228" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жиынтығы" деген жолдағы "2092" деген сандар "2097" деген сандармен ауыстырылсын;

"Хромтау ауданы" тарауындағы:

"Ақжар ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 12-1, 12-2 жолдарымен толықтырылсын:

"

| | | |
|------|-------------------------|----|
| 12-1 | "Алан" шаруа қожалығы | 25 |
| 12-2 | "Нартай" шаруа қожалығы | 19 |

";

"Ақжар ауылдық округі" деген жолдағы "705" деген сандар "749" деген сандармен ауыстырылсын;

"Абай ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 24-1 жолымен толықтырылсын:

"

| | | |
|------|---------------------------|----|
| 24-1 | "Шығанбай" шаруа қожалығы | 23 |
|------|---------------------------|----|

";

"Абай ауылдық округі" деген жолдағы "893" деген сандар "916" деген сандармен ауыстырылсын;

"Тассай ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 34-1 жолымен толықтырылсын:

"

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

";

"Тассай ауылдық округі" деген жолдағы "1174" деген сандар "1189" деген сандармен ауыстырылсын;

"Құдықсай ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 36-1 жолымен толықтырылсын:

"

";

"Құдықсай ауылдық округі" деген жолдағы "705" деген сандар "749" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жиынтығы" деген жолдағы "6467" деген сандар "6593" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ақтөбе қаласы" тарауындағы:

"Новый ауылдық округі" деген бөлім мынадай мазмұндағы 8-1 жолымен толықтырылсын:

"

";

"Новый ауылдық округі" деген жолдағы "18" деген сандар "19" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жиынтығы" деген жолдағы "1496" деген сандар "1497" деген сандармен ауыстырылсын;

"Облыс бойынша 258 шаруашылық" деген сөздер "Облыс бойынша 267 шаруашылық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"20180,9" деген сандар "20312,9" деген сандармен ауыстырылсын;

2. Орыс тіліндегі қаулының 1-қосымшасының барлық мәтінінде "крестьянское" сөзі "крестьянское" сөзімен ауыстырылсын.

3. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

